

МРНТИ 14.25.09

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Ф.Б. Асилбаева<sup>1</sup>, А.Д. Сыздықбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.к, қауым. проф. м.а.

<sup>2</sup>PhD докторы, қауым. проф. м.а.

<sup>1,2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан, email: asylbaeva.f@mail.ru

Адамның жеке және қоғамдық өмірде өзін-өзі реттеуде, қарым-қатынаста, өзін-өзі және қоршаған дүниені тануда, өзін тұлға ретінде дамытуда, материалдық және рухани құндылықтарды, жеке игіліктерді жасауда әдістер мен тәсілдер бола алатын адамның саналы белсенділігінің бір түрі – еңбек әрекеті болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетінің негізгі түрлері: ойын, оқу мен еңбек болып табылады. Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек іс-әрекеті бағыттары өзінің ерекшеліктерімен оқушы қиялына әсер ете отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал жасайды. Еңбек үрдісі кезінде оқушылардың өздігінен шығармашылыққа бағыт алып ізденуі олардың басқа адамдардың жұмысына жаңаша қарауға, оны талдап, жаңалығын сонымен бағалауға үйретеді. Сондықтан көркем еңбек іс-әрекеті – оқушы шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі факторы болып табылады.

**Түйін сөздер:** *Бастауыш сынып оқушылары, көркем еңбек, іс-әрекет, қарым-қатынас, қолөнер, шығармашылық қабілет*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Жеке адамның шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілік байытумен қатар әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу», - деп атап көрсетілген [1]. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті бағыттарын зерделеу мәселесін жаңа талап тұрғысынан шешу басты міндеттердің бірі болып саналады.

Оқушылардың көркем еңбек іс-әрекеті бағыты бойынша шығармашылығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігінің артуы мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тұрғыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеруі ғана емес, танымдық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық процес ретінде қарастыруды міндеттейді [2,-36].

Қазіргі кезде көркем еңбек іс-әрекеті үрдісі біріншіден, өзінің ойлау мен шығармашылық мазмұнымен, ақпараттарға бай, кейбір кездерде сыртқы жағдайлардың төтеншелігімен, іс-әрекеттердің ұжымдығымен және адамның психикалық аясына үлкен талаптар қоятын, тұлғаның психикалық құрылымы мен психикалық белсенділігінің арнайы заңдылықтарының көрінуімен белгіленетін басқа да ерекшеліктермен сипатталады. Осылардың барлығы адамның мүмкіндіктері мен еңбектің қолайлы бірігуінің психологиялық заңдылықтары туралы білімдердің көкейкестілігін арттырады. Еңбек – адам қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қоршаған дүниені қайта жасаудағы мақсатты іс-әрекет. Ол өзінің нәтижелері бойынша өнімді, яғни материалдық құндылықтарды жасушы және өнімсіз, жаңа, кемшіліксіз өнімдерді-идеяларды, жаңа технологияларды құрастырушы болуы мүмкін.

Еңбекті мазмұны бойынша: қарапайым және күрделі, қол және автоматтандырылған, қатаң реттелген және еркін, шығармашылық болып бөлінеді. Адамның араласу дәрежесі бойынша: еңбек қызмет етуге, пайдалануға бағытталған болуы мүмкін, қоғамдық-пайдалы, орындаушылық немесе мамандандырылған өнімді еңбек, жеке-дара немесе бірге, еркін немесе еркінен тыс болуы мүмкін.

Әдетте мұнда еңбек субъектісі мен нысаны туралы айтады. Еңбек әрекеттері неге бағытталса, соны әдетте еңбек нысаны деп атайды. Еңбек нысанын ашуға қоғамда орныққан еңбек әрекеттерінің құрылымдары ықпал етеді. Олар нақтылы адамның субъективтік ниеттері мен бағалауына тәуелді емес, және еңбек іс-әрекеті үрдісінен, еңбектің кәсіби міндеттерінен, іс-әрекеттер мен операциялардан, еңбектің шарттары мен нәтижелерінен тұрады.

Жеке адам немесе адамдар топтары еңбек субъектісі болып табылады. Жай адам емес, адам-тұлға. Еңбек субъектісі – еңбекті меңгеру мен тиімді орындауға қажетті психологиялық сипаттарды иеленген, қоршаған дүниені танушы және қайта құрушы адам. Бұларға кәсіби маңызды қасиеттер – іс-әрекеттер үдерістеріне қосылған және өнімділік жағынан оның тиімділігін қамтамасыз ететін субъектінің кез келген қасиеттері, еңбек сапасы мен сенімділік, сонымен қатар психикалық үдерістер (есте сақтау, ойлаудың кәсіби типі және т.б.), психикалық жайлар, қабілеттілік, іс-әрекеттердің себептері, кәсіби талап, еңбекке қанағаттану, т.б. жатады[3,-278б].

Адамның жеке және қоғамдық өмірде өзін-өзі реттеуде, қарым-қатынаста, өзін-өзі және қоршаған дүниені тануда, өзін тұлға ретінде дамытуда, материалдық және рухани құндылықтарды, жеке игіліктерді жасауда әдістер мен тәсілдер бола алатын адамның саналы белсенділігінің бір түрі – еңбек болып табылады. Еңбектің аталған мақсаттарына жету тұрғысы жолында танымдық, өзгертуші, мақсатты-бағдарлы, коммуникативтік және эстетикалық болып бөлінеді. Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетінің негізгі түрлері: ойын, оқу мен еңбек болып табылады. Еңбек іс-әрекеттің түрі ретінде қоғамдық және жеке, материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін еңбектің құрал-жабдықтарын саналы қолданумен адамның қоршаған шындықты саналы түрде өзгертуі болып табылады. Басқа іс-әрекеттерден еңбектің айырмашылығы: оның адамдарға қажетті (материалдық немесе кемшіліксіз), әлеуметтік мағыналы өнімді жасауға деген бағытының болатындығында.

Ғылымдағы, техникадағы, өндірістегі және қоғам өмірінің басқа да салаларында адамға еңбек субъектісі ретіндегі талаптар үнемі күшейіп отырады. Өндірістік үдерісді кешенді механизациялау мен автоматтау, санағыш техникаларды, ақпараттық жүйелерді жеке және ұжымдық қолдануды кеңінен тарату еңбек сипатын түпкілікті өзгертіп, жаңа мамандықтардың пайда болуына ықпал етеді. Техниканы, іс-әрекеттердің жайлары мен оны ұйымдастыруды үнемі жетілдіріп отырғанға қарамастан, адамның еңбек функциялары қиындап келеді, ал оның еңбегінің экономикалық және әлеуметтік нәтижелері, сонымен қатар еңбек үдерістерін әр түрлі бұзудың себеп-салдары көбейіп келеді. Еңбек функцияларын жүзеге асыру маманға үлкен жауапкершілікті жүктейді, өйткені оның іс-әрекеттерінің тиімділігі мен дұрыстығы жұмыс сапасына және еңбек қауіпсіздігіне ықпал етеді.

Білім беру мазмұнының тәжірибелік бөлігінде нақты іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін, жастардың мәдениетті сақтау қабілетін жетілдіретін көркемөнер, еңбек, қарым-қатынас, іс-әрекеті түрлері бар.

Танымдық (оқу және оқудан тыс) іс-әрекет оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниені танудық маңызды құралдарының бірі білім алуға, өздігінен білім алуға ынталандырып, ақыл-ойдың дамуына, ғылыми білімдерді жүйелі меңгеруге көмектеседі.

Еңбек іс-әрекеті материалдық заттар жасауға, оларды сақтауға, көбейтуге бағытталған. Негізгі түрлеріне: өзіне-өзі қызмет көрсету, қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек жатады. Көркемөнер іс-әрекеті эстетикалық дүниегінімды дамытып, әдемілікке сұранысты туғызып, әдемі ойлауға үйретіп, нәзік сезімге бөлейді [4,-38б].

Қоғамдық іс-әрекет оқушының әлеуметпен байланыс орнатуына көмектесіп, азаматтың бет-бейнесін қалыптастырады. Қарым-қатынастық іс-әрекетке бос уақытты еңбек әрекеті негізінде ұйымдастыру арқылы үйретіледі. Іс-әрекетке үйрену үшін оқушы үлгілерге қарап жұмыс істеп, жаттығулар орындайды.

Білімнің үшінші элементі - шығармашылық жұмыс тәжірибесі "дайын" білімдерді хабарлау, жаттығулар орындау, үлгіге қарап жұмыс істеумен шектелмейді. Шығармашылық жұмысқа оқушыны іздендіретін, оқулықтағы мәселелік әдіспен баяндалған шығармашылық есептер, тапсырмалар үйретеді. Әрине, оқулықтың барлық тақырыптары мәселелік әдіспен түсіндірілсін деп ешкім талап етпейді. Бірақ тақырыпқа сай қиын әдісті қолданған жақсы. Оқушыларға ғылымда, өндірісте қандай қиын болғанын, оларды шешу үшін қандай жұмыстар атқарылғанын, нәтижесінде ғылыми жаңалықтар ашылып, олар ғылымда, техникада үлкен өзгерістер әкелгенін баяндау қажет. Сол секілді ақиқат үшін күрескен, баланың адамгершілігіне игі әсерін тигізетін ғалымдардың өмірі және қызметімен таныстырған дұрыс.

Бүгінгі күні жаңаша ойлау, жаңаша жұмыс істеу негізі талапқа айналып, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру үдерісін көп жағдайда жаңаша құруды талап етіп отыр. Осыған байланысты адам баласының өзіндік санасын қалыптастыруда шығармашылықтың да алатын орны ерекше. Өйткені, шығармашылық – бұл жаңа сапалы рухани және материалдық құндылықтарды

тудыратын әрекет болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Адамның көркем еңбек екі түрлі көзқараста мотиві құрылады:

1. Адам өз ісімен көркем еңбек өзіндік жауапкершілік, ұстамдылық сияқты сапалық ерекшелігімен көзге түседі;

2. Адам қоғамның талап етуінен ғана еңбектенеді. Әрине еңбек үдерісінде жақсы, ұнамды қасиеттерді алуы мүмкін. Бірақ, еңбек етуде адамгершілік жағымды қасиеті дамымаған, тәрбиеленбеген болса, еңбек іс-әрекетіндегі бейнесі тек сыртқы қабілетіне қарай бағаланады [4, -446].

Психолог-педагог ғалымдар ұсынған бастауыш сынып оқушыларын көркем еңбектің теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып, заман талабына сай өсіп келе жатқан жас ұрпақтың көркем еңбек негізінде көркемдік шығармашылығын қалыптастырудың жолдарын еңбек іс-әрекеті бағыттары негізінде әдіс-тәсілдерді, құралдарды жетілдіруді талап етеді. Сондықтан оқушыларды еңбекке шығармашылық қатынас үрдісі кезінде бұйым жасау үшін дұрыс тәсілдерді қолдана білу, өзіндік іс-әрекет, мақсатқа жетудегі табандылық, білуге құмарлық, жігерлілік секілді т.б. пайда болатын құнды қасиеттер жаңа өнімді ойлап шығаруға, өнертабыстылыққа жетелейді.

Еңбектің дамытушылық қызметі адамның еңбек үдерісіне белсенді араласуы, оның мәндік күштерін қозғалысқа келтіруімен байланысты. Интеллекті, бұлшық еттері, аяқ қолының икемділігі, эмоционалдық және ерік-жігер күштері түгел іске қосылады. Нәтижесінде олардың еңбекке деген қызығушылығы, ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Еңбектің тәрбиелік қызметі еңбек үдерісі барысында оқушы бойында қоғамдық құндылық сапалардың, тұлғалық қасиеттерінің өмірге, әрекетке деген адамгершілік-эстетикалық қатынасының дамуында жатыр. Еңбек қызметі еңбек санасының басты қызметін анықтайды: оқушы бойында еңбектен саналы түрде өзі мүдделі адам психологиясын қалыптастыру. Оқушылардың еңбекке тәрбиелілік деңгейінің өлшемі ретінде еңбектің өнімділігі мен өзіндік мүдделілігі, өнімнің жоғары сапалылығы, еңбекке белсенділік, шығармашылық, еңбек үдерісіне ұтымды қатынас, еңбек, өндірістік, жоспарлылық, технологиялық тәртіп, еңбексүйгіштік қасиетінің көрсеткіштері есептеледі.

Еңбек түрлеріне тоқталамыз. Негізінен еңбектің түрлері сан-алуан. Оқу еңбегі және практикалық еңбек деп екіге бөлінсе, практикалық еңбек өзіне-өзі қызмет етуі; қоғамдық пайдалы еңбек; ауылшаруашылық; техникалық; дизайн; көркем еңбек бөлімдері жатады. Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек іс-әрекеті бағыттары өзінің ерекшеліктерімен оқушы қиялына әсер ете отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал жасайды. Еңбек үрдісі кезінде оқушылардың өздігінен шығармашылыққа бағыт алып ізденуі олардың басқа адамдардың жұмысына жаңаша қарауға, оны талдап, жаңалығын сонымен бағалауға үйретеді. Сондықтан көркем еңбек – оқушы шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі факторы болып табылады [5, -676].

Белгілі ғалым С.Қалиев халық ұрпағын көркем еңбекті отбасынан бастап, күнделікті кәсібіне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты еңбек түрлеріне баулып, еңбекті дәріптейтінін ертегі, аңыздан, еңбек тәжірибесінен түйіндеген мақал-мәтелдердің тәлім-тәрбиелік мәнін ғылыми тұрғыда ашады. Сол сияқты отбасынан еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеуді педагогиканың негізгі ұстанымы ретінде ұсынады [6,-636].

Көркем еңбек сабағында білім сапасы арттыру - алған білімнің жүйелілігі, білімді тәжірибеде пайдалана білу, алған білімді есте сақтау сияқты белгілерімен сипатталады. Еңбек іс-әрекетінде көркемдік мұраны игеруге, өнердегі ұлттық өрнектер мен көркем реңдердің шығармашылық ерекшеліктерін ғылыми педагогикалық жағынан анықтауға және осының негізінде талдап, ғылыми ұсыныстар жасалуға тиіс. Сабақ өткізудің практикалық бағытын күшейту қажет.

Сабақтың жүйесі үш құрылымды қамтиды: тірек білімнің өзектілігін – жаңа материалды жан-жақты зерттеп, үйренуге қажетті білімді қайталауға көңіл бөлу;

- оқушылардың жаңа бұйымды жасауда сол туралы білімді қабылдауға даярлығын тудыру;

- іс-әрекеттік жаңа ұғымдары мен әдістерін қалыптастыру, білімді пайдалану, қабілет пен шеберлікті қалыптастыру.

Әрине бұл құрылымдар сабақ жүйесінде болады, дегенмен түрлі реттілікте келуі мүмкін. Көркем еңбек іс-әрекетінің тиімді әдістері – тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізетін әдістер: бақылау; табиғатты бейнелу; тіл дамыту. Өнер туындыларынан көрме ұйымдастыру, ондағы ата салтымыз бойынша қолданылып келген тұрмыс бұйымдарының әсем көрінісін оқушылардың әңгімелеп жеткізе білуі олардың сезімдік талғамын, әдемілікке ұмтылу қабілетін дамытады.

Жоғарыдағы әдістер шартты түрде теориялық топтарға бөлініп беріліп отыр, ал оларды оқушылардың күнделікті еңбек іс-әрекетінде орынды пайдалана білу шығармашылық тұрғыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізуболып табылады. Бұл мұғалімнің кәсіби білімділігіне, шеберлігіне, ізденіспен жұмыс істеуіне байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеттерінің бағытына түрлі іс-әрекеттер кіреді. Оны біз сурет түрінде береміз (Сызба 1).



Сызба 1 – Оқушылардың еңбек іс-әрекетінің бағыттары

Соңғы он жылдықта оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытуға көп көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде қабілеттің дамуы басты нысана болып, оқушыда шығармашылық белгілердің болмауы үлкен мәселеге айналып отыр. Өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білетін, елімізді өркениетті, дамыған 30 елдің қатарына енгізу шығармашыл тұлғалардың қолынан ғана келмек. Сондықтан біз, өз тарапымыздан көркем еңбек сабағында үйретілетін еңбек іс-әрекеті арқылы оқушылардың шығармашылығын дамытуды көздейміз. Осы тұрғыдан, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру мақсатында олардың еңбек іс-әрекетінің бағыттарын бірінші суретте көрсеткен болатынбыз [5, 51б].

*Оқу барысындағы еңбек іс-әрекеті* - көркем еңбек іс-әрекетіне негізгі бағдар көркем еңбек сабағы. Көркем еңбек сабағында бастауыш сынып оқушылары қарапайым еңбек дағдыларына, іскерлікке үйренеді. Оқушының еңбек іс-әрекеті ары қарай қоғамдық маңызы бар көркем еңбекке айналады.

Оқу барысындағы еңбек оларды тек еңбексүйгіштікке, шеберлікке тәрбиелеп қоймай, адамгершілік сапаларын туғызып, ақыл-ойын жетілдіре түседі. Сонымен қатар, көркем еңбек сабақтарын жетілдіру барысында бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді.

*Сыныптан тыс жұмыстар.* Шығармашылықты қалыптастыруда көркем еңбек сабағындағы сыныптан тыс жұмыстардың да алатын орны ерекше. Өйткені, онда оқушы шектеулі тапсырманы ғана орындамайды, сыныптан тыс жұмыстары кезінде ол өзінің қиялынан туған идеяны ары қарай жетілдіре отырып, жаңа туынды шығарады. Бұл кез баланың қиялының өте белсенді дамиды кезеңі болғандықтан оның ақыл-ойына ерік беру керек. Сыныптан тыс жұмыстары дегенде біз көркем еңбектен үйірмелер, конкурстар, декада, әр түрлі формадағы сайыс-сабақтарды түсінеміз және бұл жұмыстар оқушының шығармашылығын дамытуға үлкен ықпалын тигізеді.

*Тұрмыстық-шаруашылық* еңбек іс-әрекетіне ең алдымен оқушының өзіне-өзі қызмет ету іс-әрекеті жатады. Мұнда олар бала кезден бастап ұқыпты болуға, тазалыққа үйретеді. Сонымен қатар киімдерін таза ұстап, тәртіпті жүретін баланың миы да тәртіппен жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар үй шаруашылығына көмектесу ересек өмірге дайындығын көрсетеді. Бұл әрекеттер негізінде де оқушының шығармашылығы қалыптасады деп есептейміз [7, -406].

*Қолөнер* – бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау құралы болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушылар қолөнердің, дизайнның қарапайым дағдыларын меңгеріп, оны болашақта өз тәжірибесінде шығармашылықпен пайдалану іскерліктеріне үйренеді. Қолөнердің қай түрі болмасын, ол баланың ұшқыр қиялын дамытып, логикалық ойлауын жетілдіреді. Соңғы кезде қолөнердің түрлерін үйрету мектептегі сабақ жүйесіне енгізу заман талаптарының біріне айналды.

Еңбек қызметін жүзеге асыру еңбекті табысты түрде жүзеге асыру үшін арнайы алғы шарттарды жасауды талап етеді:

- нақтылы іс-әрекеттерге жарайтын адамдарды таңдап алу;
- кәсіби дайындық;
- еңбек үдерістерінің тиімді жағдайлары мен ұйымдастырылуы;
- еңбек құралдарының қолайлылығы мен тиімділігі;
- адам мүмкіндіктерінің жұмыс ауырлығына теңдігі;
- еңбек қауіпсіздігі жүйесі, кәсіби денсаулық пен ұзақ өмір сүруді, психологиялық қолдау мен еңбекке қабілеттілігін сақтау.

Еңбектің мазмұны, шарттары мен мақсаты адам тұлғасының дамуына ықпал етуі керек, қол жеткізген нәтижелер оған қуаныш пен қанағаттанғандық әкелуі керек. Психологияда адам психикасы іс-әрекеттерде пайда болады және қалыптасады. Кез-келген іс-әрекеттерде тұлға дами бермейді, дегенмен де осы іс-әрекеттер субъектісінің ықыласын, белсенділігі мен себептерін күштеу арқылы тұлғаны дамытуға болады, деген ереже орнығып қалған. Еңбек – бұл адам ресурстарын, оның психологиялық, физиологиялық, кәсіби және басқа функционалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үдерісі, олардың көлемі адамдардың жас шамасы, кәсіби дайындықтары, денсаулық жағдайлары мен басқа да ерекшеліктеріне сай өзгеріп отырады [8, -326].

Отандық психологтар М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев т.б. оқушылардың еңбек әрекеттері мен оларды дұрыс ұйымдастыру мәселесі туралы өздерінің психологиялық пайымдауларын берді. Жеке тұлғаның еңбек іс-әрекеті үрдісіне айырықша мән берген ғалым М.Мұқанов әрбір жеке адамның еңбек іс-әрекеті үрдісі оның жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты болуы керек. Адам оқушысы өзінің сүйікті ісімен айналысқанда ғана жасаған еңбегінің нәтижесі зор болмақ, - деп түйіндейді.

Еңбек іс-әрекеті үрдісі адамның жеке тұлғаға айналуының негізгі шарты екенін айтып, оның адамның психологиялық дамуындағы орнына ерекше мән береді. Еңбек іс-әрекеті үрдісі зейінсіз, қажеттіліксіз іске аспайтынын, қол еңбегі арқылы еңбек құралдарын нәзік сезіне алатындығын психологиялық тұрғыдан дәлелдеген. Еңбек адамның бүгінгі қажеттілігі деп, еңбек тәрбиесінің өзекті мәселелерін және негізгі міндеттерін саралайды. Олар: адамды еңбек ету қажеттілігіне баулу; еңбекке психологиялық тұрғыдан даярлау; еңбексүйгіштікті әдетке айналдыру қажет. Сонда ғана оқушының жасаған бұйымынан шығармашылық өнімнің ізі көрініп тұрады.

Грейс Хван Линч американдық педагог өзінің «Бала дамуындағы өнердің маңызы» - атты еңбегінде еңбек іс-әрекеті негізінде тәрбиеленіп жатқан балалардың оқудағы үлгерімі жоғары, шығармашылық ойлау ауқымы кең, ең бастысы оқушылардың визуалды кеңістіктегі дағдыларын қалыптастырады. Ол смартфондар мен планшеттердегі визуалды ақпараттарды жақсы қабылдауға көмектесетіндігін дәлелдеп көрсеткен [9, -26].

Жоғарыда айтылған ойды түйіндей келе, шығармашылық – бұл баланың жеке белсенділігі мен өздігінен жұмыс істеудің жоғарғы формасы және ол әлеуметтік қажеттілігімен, ерекшелігімен бағаланады. Оқушының шығармашылық әрекеті өнім әрекетімен тікелей ұштасып жатады. Өнімді әрекеттің әлеуметтік сипаты оның қоғамдық маңыздылығы мен пайдалылығында. Сондықтан да көркем еңбек сабағынан бұрын бастауыш сынып оқушылары қағаз қию, сазбалшық, ермексаздан әр түрлі бейнелерді мүсіндеу, өсімдіктерді күту, ағаш, қанылтыр, сыммен жұмыс істеуді үйреніп, мектеп үлескілерінде еңбек ету, сенбіліктерге қатысуды үйренсе, қазір кезде көркем еңбек іс-әрекетінің креативті түрлері үйретіледі. Көркем еңбек іс-әрекеті үрдісіндегі шығармашылық - кіші мектеп

оқушыларының санасы мен іс-әрекетінің өзара бірлікте дамудың қайнар көзі. Ол шығармашылығын қалыптастыруға бағыттайтын әдістемелік негізі болады. Бұл оқушылардың шығармашылығын қалыптастыруға көптеген мүмкіндіктер жасайды.

Қорыта келе, бастуыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекетін ойын, оқу және қарым-қатынас бағытындағы іс-әрекеттермен ынтымақтасқан үрдіс деп түсінеміз. Аталмыш еңбек түрлерімен қаруландыра отырып оқушыларды оқытып, тәрбиелесек, іс жүзінде бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық, арнайы технологиялық білімі мен біліктілігін арттыру көзделеді, оларда шығармашылық ойлауын және сыни тұрғыда ойлау санасының, қатынас жүйелерін қалыптастыру, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
- 3 Жиенбаева С.Н. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері: автореферат дис. . пед. ғылым. д-ры : 13.00.01 : қорғалды 27.05.2009 / Сайра Нағашабаева Жиенбаева; Қазақ мемлекет. қыздар пед. ун-ті. - Алматы: CopyLand, 2009. - 44 б.
- 4 Күнпейіс Ж. Еңбекке баулуды оқыту әдістемесі (1-4 сыныптар). –Алматы: Дарын, 2005.
- 5 Асилбаева Ф.Б. Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті негізінде шығармашылығын қалыптастыру. Алматы.: Қыздар университеті, 2014
- 6 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық. /Құраст.: С.Қалиев, К.Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005-2010
- 7 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. - 263 б.
- 8 Климов Е.А. Психология труда. М, 2008. -268 с.
- 9 The Importance of Art in Child Development. By Grace Hwang Lynch. PBS Parents, 2012.

#### ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННО-ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

*Ф.Б. Асилбаева<sup>1</sup>, А.Д. Сыздықбаева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>к.п.н., и.о. ассоц. профессора

<sup>2</sup>PhD, и.о. ассоц. профессора

<sup>1,2</sup> Казахский государственный женский педагогический университет  
Казахстан, Алматы, email: asylbaeva.f@mail.ru

Одной из форм осознанной активности человека, способной стать методами и способами саморегуляции, общения, познания себя и окружающего мира, развития себя как личности, создания материальных и духовных ценностей, личных благ является трудовая деятельность. Основными видами деятельности младших школьников являются: игра, обучение и труд. Направления художественной трудовой деятельности в начальных классах способствуют повышению творческих способностей детей, воздействуя на их фантазию. В период трудового процесса самостоятельный творческий поиск учащихся учит их по-новому взглянуть на работу других людей, анализировать и оценивать новизну. Поэтому художественная трудовая деятельность – это основной фактор развития творческих способностей учащихся.

*Ключевые слова:* учащиеся начальных классов, художественный труд, деятельность, общение, рукоделие, творческая способность

#### MAIN DIRECTIONS OF ART AND LABOUR ACTIVITY OF PUPILS

*F.B. Assilbayeva<sup>1</sup>, A.D. Syzdykbayeva<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Cand. Sci. (Pedagogy), acting Associate Professor

<sup>2</sup> PhD, acting Associate Professor

<sup>1,2</sup> Kazakh State Women's Teacher Training University  
Almaty, Kazakhstan, email: asylbaeva.f@mail.ru

Labor activity is one of the forms of the person's conscious activity, capable of becoming methods and ways of self-regulation, communication, cognition of oneself and the surrounding world, development of oneself as a person, creation of material and spiritual values, personal benefits. The main activities of junior schoolchildren are: play, training and work. Directions of artistic work in the primary classes contribute to increasing their creative abilities, influencing the pupil's imagination. During the labor process, an independent creative search of the pupils teaches them to take a fresh look at the work of other people, analyze it and evaluate the novelty. Therefore, artistic work is the main factor in the development of students' creative abilities.

**Key words:** *primary school pupils, art work, activity, communication, needlework, creative ability*

**ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**  
**ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА**  
**ART AND CULTURE**